

«Айша» бөбекжай-балабақшасы
Директоры С. Шамшадинова



2023–2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №1 отырысы 1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. 2. Педагогтің кәсіби келбеті және қызметтік әдебі. 3. Ұжымдағы әдеп қағидаларын сақтау және нығайту.	Қыркүйек 2023 жыл	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №2 отырысы 1. Педагогтің сөйлеу мәдениеті және қарым- қатынас әдебі. 2. Педагогикалық такт және қызметтік этика. 3. Ата-аналармен серіктестік қарым- қатынасты дамыту.	Қараша 2023 жыл	Хаттама
3	«Педагог мәдениеті – кәсіби табыстың кепілі» атты пікір алмасу алаңы. Педагогтің кәсіби мәдениеті, этикасы және заманауи білім беру ұйымындағы рөлі туралы кездесу.	Қаңтар 2024 жыл	Анықтама
4	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №3 отырысы 1. Педагогтің кәсіби беделін қалыптастыру жолдары. 2. Қоғамдық ортадағы педагогтің мінез- кұлық мәдениеті. 3. Педагогикалық әдеп талаптарын жетілдіру мәселелері.	Наурыз 2024 жыл	Хаттама

5	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №4 отырысы 1. 2023–2024 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысының қорытындысы. 2. Педагогтердің кәсіби мәдениеті мен әдеп талаптарын сақтау деңгейі. 3. 2024–2025 оқу жылына арналған ұсыныстар мен міндеттер.	Мамыр 2024 жыл	Хаттама
---	--	-------------------	---------

«Айша» балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №1 хаттамасы

Күні: «07» қыркүйек 2023 жыл

Қатысқандар: 10 адам

Кеңес төрайымы: Шамшадинова С.

Хатшы: Акжигитова У.

Күн тәртібі:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
2. Педагогтің кәсіби келбеті және қызметтік әдебі.
3. Ұжымдағы әдеп қағидаларын сақтау және нығайту.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы **Шамшадинова С.** сөз алып, 2023–2024 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарын таныстырды. Жұмыс жоспарының негізгі мақсаты – балабақша педагогтерінің кәсіби мәдениетін қалыптастыру, педагогикалық әдеп талаптарын сақтау, балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынасты жетілдіру екендігі айтылды. Сонымен қатар жоспарға сәйкес оқу жылы барысында педагогтердің қызметтік этикасы, кәсіби мәдениеті, сөйлеу әдебі, қоғамдық ортадағы мінез-құлық мәдениеті, ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасы және педагог мәртебесін көтеру бағытында түрлі іс-шаралар өткізілетіні туралы мәлімет берілді. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын жүйелі жүргізу арқылы ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды нығайту, педагогтердің кәсіби жауапкершілігін арттыру және білім беру ұйымының беделін көтеру көзделетіні атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер **Акжигитова У.** сөз алып, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары педагогтердің кәсіби дамуына ықпал ететін маңызды құжат екенін айтты. Жұмыс жоспары арқылы педагогтердің өз қызметіне жауапкершілікпен қарауы, балалардың құқықтарын құрметтеуі және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнатуы қамтамасыз етілетінін атап өтті.

Тәрбиеші **Төребаева Г.** сөз сөйлеп, жоспардағы іс-шаралардың өзектілігін атап өтті. Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау арқылы ұжымда өзара сыйластық қалыптасып, тәрбиелік жұмыстардың сапасы артатынын айтты.

Кеңес мүшелері жоспарға оң пікір білдіріп, бірауыздан бекітуді ұсынды.

Тыңдалды:

2-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі **Ақпанбетова А.** педагогтің кәсіби келбеті және қызметтік әдебі туралы баяндама жасады. Баяндама барысында педагогтің кәсіби келбеті оның сыртқы мәдениетімен ғана емес, кәсіби біліктілігімен, қарым-қатынас мәдениетімен және адамгершілік қасиеттерімен де өлшенетіні айтылды. Педагог әрқашан балаларға үлгі болатын тұлға болғандықтан, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарап, қызметтік міндеттерін сапалы орындауы қажет екендігі атап өтілді. Сонымен қатар педагогтердің жұмыс барысында ұқыпты киінуі, сөйлеу мәдениетін сақтауы, қызметтік этика талаптарын орындауы және әріптестерімен дұрыс қарым-қатынас жасауы маңызды екендігі түсіндірілді. Педагогтің кәсіби беделі оның күнделікті қызметінде көрініс табатыны және бұл тәрбиеленушілер мен ата-аналардың сенімін арттыратыны айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші **Сапарова Г.** сөз алып, педагогтің кәсіби келбеті балабақшаның беделіне тікелей әсер ететінін айтты. Балалардың педагогтің әрбір әрекетін бақылап, үлгі алатынын атап өтіп, әр педагог өзін мәдениетті, әдепті және жауапты ұстай білуі қажет екендігін жеткізді.

Тәрбиеші **Губайдуллина М.** педагогтердің сөйлеу мәдениеті мен мінез-құлқы кәсіби имидждің негізгі көрсеткіші екенін айтты. Кеңес мүшелері педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін қолдады.

Тыңдалды:

3-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі **Төребаева Г.** ұжымдағы әдеп қағидаларын сақтау және нығайту туралы баяндама жасады. Баяндамада ұжымдағы жағымды қарым-қатынас пен өзара сыйластықтың білім беру сапасына оң әсер ететіні атап өтілді. Педагогтердің әріптестермен қарым-қатынаста мәдениеттілік танытуы, бір-бірінің пікірін құрметтеуі және ортақ мақсатқа жету жолында ынтымақтастықта жұмыс істеуі қажеттігі айтылды.

Ұжым ішінде туындаған мәселелерді өзара түсіністікпен шешу, қызметтік әдеп талаптарын сақтау және қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастырудың маңыздылығы түсіндірілді. Сонымен қатар әр қызметкердің өз әрекеті арқылы ұжымдағы мәдени ортаны қалыптастыруға үлес қосатыны атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер **Ақжигитова У.** ұжымдық мәдениетті қалыптастыруда әр қызметкердің жауапкершілігі жоғары болуы қажеттігін атап өтті. Кеңес мүшелері ұжымдағы әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу туралы ұсыныстарын білдірді.

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагогтер кәсіби келбет пен қызметтік әдеп талаптарын сақтасын.
3. Ұжымдағы өзара сыйластық пен қолайлы психологиялық ахуалды нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
4. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру және насихаттау жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Хатшы:



«Айша» балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №2 хаттамасы

Күні: «09» қараша 2023 жыл

Қатысқандар: 10 адам

Кеңес төрайымы: Шамшадинова С.

Хатшы: Акжигитова У.

Күн тәртібі:

1. Педагогтің сөйлеу мәдениеті және қарым-қатынас әдебі.
2. Педагогикалық такт және қызметтік этика.
3. Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты дамыту.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі **Ақпанбетова А.** сөз алып, педагогтің сөйлеу мәдениеті және қарым-қатынас әдебі туралы баяндама жасады. Баяндамашы педагогтің сөйлеу мәдениеті оның кәсіби шеберлігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі екендігін атап өтті. Педагог балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынас жасау барысында әдеби тіл нормаларын сақтап, сауатты әрі түсінікті сөйлеуі қажет екендігі айтылды. Сонымен қатар педагогтің дауыс ырғағы, сөзді орынды қолдануы, тыңдай білу мәдениеті және қарым-қатынас кезіндегі сабырлылығы тәрбие жұмысының нәтижесіне әсер ететіні түсіндірілді. Балалармен сөйлесу кезінде мейірімділік пен қамқорлық таныту, олардың жеке ерекшеліктерін ескеру және әр баланың пікірін құрметтеу қажеттілігі айтылды. Педагогтің сөз мәдениеті арқылы балалардың тілдік қорын дамытуға, мәдениетті қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететіні атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші **Сапарова Г.** сөз алып, педагогтің сөйлеу мәдениеті балаларға күнделікті үлгі болатынын айтты. Педагогтің әрбір сөзі тәрбиелік мәнге ие екенін айтып, қарым-қатынас барысында сыпайылық пен мәдениеттілікті сақтау қажеттігін атап өтті. Тәрбиеші **Төребаева Г.** сөз сөйлеп, балалармен сөйлесу кезінде олардың жас ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығына тоқталды. Баланың өз ойын еркін жеткізуіне жағдай жасау педагогтің басты міндеттерінің бірі екенін жеткізді.

Тыңдалды:

2-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы **Шамшадинова С.** педагогикалық такт және қызметтік этика туралы баяндама жасады. Баяндама барысында педагогикалық такт ұғымына түсінік беріліп, педагогтің кәсіби қызметіндегі орны ерекше екендігі айтылды. Педагогтің балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынас барысында сабырлылық танытуы, әділ болуы, өз эмоциясын басқара білуі және кез келген жағдайда мәдениетті қарым-қатынас жасауы қажет екендігі атап өтілді. Қызметтік этика талаптарын сақтау ұйымдағы жағымды ахуалды қалыптастыруға ықпал ететіні туралы айтылды. Сонымен қатар педагогтің өз қызметіне жауапкершілікпен қарауы, жұмыс тәртібін сақтауы және қызметтік міндеттерін адал орындауы қажеттілігі түсіндірілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер **Акжигитова У.** сөз алып, педагогикалық такт педагогтің кәсіби мәдениетінің ажырамас бөлігі екенін айтты. Педагог қиын жағдайларда ұстамдылық танытып, мәселені өршітпей шешуге ұмтылуы қажеттігін атап өтті.

Тәрбиеші **Губайдуллина М.** сөз сөйлеп, қызметтік этика талаптарын сақтау ұжымдағы өзара сыйластықты нығайтатынын айтты. Әріптестер арасында сенім мен түсіністік болған жағдайда жұмыс нәтижесі де жоғары болатынын жеткізді.

Тындалды:

3-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі **Төребаева Г.** ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты дамыту мәселесі бойынша баяндама жасады. Баяндамашы ата-аналар мен педагогтердің өзара ынтымақтастығы балалардың жан-жақты дамуы үшін маңызды екендігін атап өтті. Педагог ата-аналармен жұмыс барысында ашықтық, сенімділік және өзара құрмет қағидаларын басшылыққа алуы тиіс екендігі айтылды. Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлеріне құрметпен қарау, бала тәрбиесіне байланысты мәселелерді бірлесіп шешу қажеттілігі түсіндірілді. Сонымен қатар ата-аналарды балабақша өміріне белсенді қатыстыру, түрлі іс-шараларға тарту және тұрақты байланыс орнату мәселелері қарастырылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші **Тулепбергенова Ж.** сөз алып, ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнату тәрбиелік жұмыстың сапасын арттыратынын айтты. Баланың

жетістіктері мен қиындықтары туралы ата-аналарға уақытылы ақпарат беру маңызды екенін атап өтті.

Тәрбиеші **Құлқасева Г.** сөз сөйлеп, ата-аналардың балабақша жұмысына қатысуы педагог пен отбасы арасындағы байланысты нығайтатынын жеткізді. Кеңес мүшелері ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын одан әрі жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын білдірді.

Шешім:

1. Педагогтердің сөйлеу мәдениетін жетілдіру және қарым-қатынас әдебін сақтау бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
2. Педагогикалық такт пен қызметтік этика талаптарын сақтау тұрақты бақылауда болсын.
3. Ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



«Айша» балабақшасы

«Педагог мәдениеті – кәсіби табыстың кепілі» атты пікір алмасу алаңының анықтамасы

Күні: «18» қаңтар 2024 жыл

Өткізілген орны: «Айша» балабақшасы

Қатысушылар: Балабақша педагогтері

Жауапты: Акжигитова У.

Тақырыбы:

«Педагог мәдениеті – кәсіби табыстың кепілі»

Мақсаты:

Педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіру, педагогикалық әдеп қағидаларын насихаттау, педагог мәртебесін арттыру, тәжірибе алмасу және ұжымдағы жағымды қарым-қатынасты нығайту.

Өту барысы:

Пікір алмасу алаңын балабақша директоры **Шамшадинова С.** ашып, педагог мамандығының қоғамдағы орны мен маңыздылығы туралы сөз сөйледі. Өз сөзінде педагогтің кәсіби мәдениеті оның білім деңгейімен ғана емес, қарым-қатынас әдебі, сөйлеу мәдениеті, сыртқы келбеті және адамгершілік қасиеттерімен де бағаланатынын атап өтті. Іс-шара барысында педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, балалармен және ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас орнату, ұжымдағы өзара сыйластықты қалыптастыру мәселелері кеңінен талқыланды. Педагогтер кәсіби қызмет барысында кездесетін түрлі жағдайлар жөнінде пікір алмасып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Сөз сөйледі:

Акжигитова У. сөз алып, педагогтің кәсіби мәдениеті білім беру сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі екенін айтты. Педагогтің сөйлеу мәдениеті, өзін-өзі ұстауы, әріптестерімен және ата-аналармен қарым-қатынасы балаларға тікелей әсер ететінін атап өтті.

Төребаева Г. сөз сөйлеп, педагог әрқашан балаларға үлгі болатын тұлға екенін айтты. Балалардың бойында мәдениеттілік пен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру үшін ең алдымен педагогтің өзі жоғары мәдениет иесі болуы қажеттігін жеткізді.

Сапарова Г. сөз алып, қазіргі таңда педагогтің кәсіби дамуына ерекше көңіл бөлінуі қажет екенін айтты. Өз білімін үнемі жетілдіру, жаңа технологияларды меңгеру және кәсіби құзыреттілікті арттыру әр педагогтің басты міндеті екендігін атап өтті.

Түлепбергенова Ж. сөз алып, ата-аналармен серіктестік қарым-қатынастың маңыздылығына тоқталды. Педагог пен ата-ана бірлесіп жұмыс жасаған кезде ғана баланың жан-жақты дамуына қол жеткізуге болатынын айтты.

- Педагогтің кәсіби мәдениетін қалыптастыру жолдары;
- Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау;
- Педагогтің қоғамдағы беделі;
- Сөйлеу мәдениеті және қарым-қатынас әдебі;
- Ата-аналармен ынтымақтастық орнату;
- Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтау;
- Заманауи педагогтің кәсіби құзыреттілігі.

Іс-шара барысында педагогтер өзара тәжірибе алмасып, педагогикалық әдептің білім беру ұйымындағы маңыздылығын талқылады.

Қатысушылар іс-шараның мазмұнды және пайдалы өткенін атап өтіп, мұндай кездесулерді алдағы уақытта да тұрақты өткізу қажеттігін білдірді.

Директор



«Айша» балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №3 хаттамасы

Күні: «14» наурыз 2024 жыл

Қатысқандар: 10 адам

Кеңес төрайымы: Шамшадинова С.

Хатшы: Акжигитова У.

Күн тәртібі:

1. Педагогтің кәсіби беделін қалыптастыру жолдары.
2. Қоғамдық ортадағы педагогтің мінез-құлық мәдениеті.
3. Педагогикалық әдеп талаптарын жетілдіру мәселелері.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі **Акжигитова У.** сөз алып, педагогтің кәсіби беделін қалыптастыру жолдары туралы баяндама жасады. Баяндамашы педагогтің кәсіби беделі оның күнделікті атқаратын жұмысының сапасымен, тәрбиеленушілерге деген қарым-қатынасымен, кәсіби біліктілігімен және адамгершілік қасиеттерімен қалыптасатынын атап өтті. Педагогтің кәсіби беделі тек білім беру қызметімен шектелмей, оның қоғамдық ортадағы мінез-құлқына, сөйлеу мәдениетіне, сыртқы келбетіне және әріптестерімен қарым-қатынасына байланысты екендігі түсіндірілді. Сонымен қатар педагогтің кәсіби құзыреттілігін үнемі жетілдіруі, жаңа білім мен тәжірибені меңгеруі, шығармашылықпен жұмыс жасауы оның беделін арттыруға ықпал ететіні айтылды. Балабақшадағы әрбір педагог өз әрекеті арқылы білім беру ұйымының абыройын қалыптастыруға үлес қосатыны және педагог мәртебесін көтеруге жауапты екендігі атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Төребаева Г. сөз алып, педагогтің беделі балалар мен ата-аналардың сенімінен басталатынын айтты. Педагог өз кәсібін сүйіп атқарғанда, жауапкершілік танытқанда және үнемі ізденіс үстінде болғанда ғана кәсіби жетістікке жететіндігін атап өтті.

Тәрбиеші Сапарова Г. сөз сөйлеп, әр педагог өзінің кәсіби беделін қалыптастыру үшін қызметтік әдеп талаптарын сақтауы және әрқашан үлгі бола білуі қажеттігін жеткізді.

Тыңдалды:

2-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі **Ақпанбетова А.** қоғамдық ортадағы педагогтің мінез-құлық мәдениеті туралы баяндама жасады. Баяндама барысында педагогтің қоғамдық орындардағы жүріс-тұрысы, қарым-қатынасы және мәдениеті оның кәсіби бейнесінің ажырамас бөлігі екендігі айтылды. Педагог қандай ортада болмасын өзін ұстай білуі, адамдармен сыпайы сөйлесуі, қоғамдық әдеп нормаларын сақтауы және өзгелерге құрметпен қарауы қажет екендігі түсіндірілді. Сонымен қатар әлеуметтік желілерді пайдалану барысында да педагогикалық әдеп талаптарын сақтау қажеттілігіне тоқталды. Әлеуметтік желілерде жарияланатын ақпараттардың мазмұны педагог мәртебесіне сай болуы тиіс екендігі атап өтілді. Педагогтің мәдени мінез-құлқы балаларға үлгі болып, олардың бойында дұрыс құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ететіні айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші **Губайдуллина М.** сөз алып, педагогтің қоғамдық ортадағы мәдениеті оның кәсіби абыройын көрсететінін айтты. Педагогтің әрбір әрекеті қоғам тарапынан бағаланатынын, сондықтан әр маман өз мінез-құлқына ерекше жауапкершілікпен қарауы қажеттігін жеткізді.

Әдіскер **Акжигитова У.** сөз сөйлеп, педагогтің қоғамдық ортада өзін дұрыс ұстауы білім беру ұйымының оң имиджін қалыптастыруға ықпал ететіндігін атап өтті.

Тыңдалды:

3-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі **Төребаева Г.** педагогикалық әдеп талаптарын жетілдіру мәселелері туралы баяндама жасады. Баяндама барысында балабақшада педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп келе жатқаны айтылды. Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру, сөйлеу әдебін жетілдіру, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынас мәдениетін нығайту бағытындағы жұмыстарға ерекше назар аудару қажеттілігі атап өтілді. Сонымен қатар педагогикалық әдеп талаптарын сақтау мақсатында түрлі семинарлар, дөңгелек үстелдер, тренингтер және тәжірибе алмасу шараларын ұйымдастыру ұсынылды.

Балабақша ұжымында қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды сақтау және өзара сыйластықты нығайту жұмыстарының маңыздылығы айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші **Тулепбергенова Ж.** сөз алып, педагогикалық әдеп талаптарын сақтау әр педагогтің кәсіби міндеті екенін айтты. Педагогикалық мәдениет жоғары болған жағдайда ата-аналардың сенімі артып, білім беру ұйымының беделі көтерілетінін жеткізді.

Тәрбиеші **Құлқасева Г.** сөз сөйлеп, ұжымдағы жағымды қарым-қатынас пен өзара қолдау педагогикалық әдепті сақтаудың маңызды бөлігі екендігін атап өтті. Кеңес мүшелері мәселені талқылап, педагогикалық әдеп нормаларын жетілдіру бағытындағы жұмыстарды одан әрі жалғастыру туралы ұсыныстарын білдірді.

Шешім:

1. Педагогтің кәсіби беделін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Қоғамдық ортада педагогикалық әдеп және мінез-құлық мәдениеті талаптарының сақталуы қадағалансын.
3. Педагогикалық әдеп талаптарын жетілдіру бойынша әдістемелік жұмыстар жалғастырылсын.
4. Педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру мақсатында семинарлар мен тәжірибе алмасу шаралары ұйымдастырылсын.
5. Ұжымда өзара сыйластық пен қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



«Айша» балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының №4 хаттамасы

Күні: «23» мамыр 2024 жыл

Қатысқандар: 10 адам

Кеңес төрайымы: Шамшадинова С.

Хатшы: Акжигитова У.

Күн тәртібі:

1. 2023–2024 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмысының қорытындысы.
2. Педагогтердің кәсіби мәдениеті мен әдеп талаптарын сақтау деңгейі.
3. 2024–2025 оқу жылына арналған ұсыныстар мен міндеттер.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы **Шамшадинова С.** сөз алып, 2023–2024 оқу жылында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің атқарған жұмыстары бойынша қорытынды есеп берді. Баяндамашы оқу жылы ішінде педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспарына сәйкес барлық іс-шаралардың уақытылы ұйымдастырылып, өткізілгенін атап өтті. Жыл бойы педагогтердің кәсіби мәдениетін қалыптастыру, педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды нығайту және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орнату бағытында жұмыстар жүргізілгені туралы мәлімет берілді. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің отырыстарында педагогтердің кәсіби жауапкершілігі, қызметтік әдебі, сөйлеу мәдениеті, қоғамдық ортадағы мінез-құлық мәдениеті және ата-аналармен ынтымақтастық мәселелері қарастырылғаны айтылды. Сонымен қатар жыл бойы өткізілген іс-шаралар педагогтердің кәсіби дамуына оң әсер етіп, ұжымдағы өзара сыйластық пен түсіністікті нығайтуға ықпал еткені атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Әдіскер **Акжигитова У.** сөз алып, оқу жылы барысында өткізілген кеңес отырыстары мен пікір алмасу аландарының педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіруге ықпал еткенін айтты.

Тәрбиеші **Төребаева Г.** сөз сөйлеп, педагогикалық әдеп мәселелеріне арналған жұмыстардың нәтижесінде педагогтердің қызметтік жауапкершілігі артып, ұжымдағы ынтымақтастық нығайғанын атап өтті. Кеңес мүшелері оқу

жылы бойындағы жұмыстардың нәтижесіне оң баға беріп, келесі оқу жылында да бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігін айтты.

Тыңдалды:

2-мәселе бойынша:

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі **Ақпанбетова А.** педагогтердің кәсіби мәдениеті мен әдеп талаптарын сақтау деңгейі туралы баяндама жасады. Баяндама барысында педагогтердің педагогикалық әдеп нормаларын сақтау деңгейіне жүргізілген бақылау нәтижелері таныстырылды. Педагогтердің басым көпшілігі кәсіби қызметінде педагогикалық әдеп талаптарын сақтап, балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынаста мәдениеттілік танытқаны айтылды. Сонымен қатар педагогтердің сөйлеу мәдениеті, қызметтік этикасы, сыртқы келбеті және кәсіби қарым-қатынасы талданып, олардың педагог мәртебесіне сай екендігі атап өтілді. Балабақшада қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқаны, педагогтердің өзара сыйластық пен ынтымақтастық негізінде жұмыс атқарып келе жатқаны айтылды. Педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіру бойынша жүргізілген жұмыстардың тиімділігіне тоқталып, бұл бағыттағы жұмыстарды одан әрі жалғастыру қажеттігі атап өтілді.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші **Сапарова Г.** сөз алып, педагогикалық әдеп талаптарын сақтау педагогтің кәсіби абыройын арттыратынын айтты.

Тәрбиеші **Губайдуллина М.** сөз сөйлеп, педагогтердің мәдени қарым-қатынасы мен қызметтік әдебі ұжымдағы жағымды ахуалды қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

Әдіскер **Акжигитова У.** педагогтердің кәсіби мәдениетін жетілдіру жұмыстарының алдағы уақытта да жүйелі түрде жүргізілуі қажеттігін атап өтті.

Тыңдалды:

3-мәселе бойынша:

2024–2025 оқу жылына арналған ұсыныстар мен міндеттер туралы педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшесі **Төребаева Г.** баяндама жасады.

Баяндама барысында келесі оқу жылында педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру, педагогикалық әдеп талаптарын насихаттау және ұжымдық мәдениетті нығайту бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылды. Педагогтердің сөйлеу мәдениетін жетілдіру, ата-аналармен тиімді



«Айша» балабақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестін

2023–2024 оқу жылындағы атқарылған жұмыстары туралы ЕСЕБІ

2023–2024 оқу жылында «Айша» балабақшасында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес өз жұмысын бекітілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүргізді. Кеңестің негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби мәдениетін қалыптастыру, педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, балалармен, ата-аналармен және әріптестермен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас орнату, педагог мәртебесін арттыру және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. Оқу жылы барысында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 4 отырысы өткізілді. Отырыстар барысында педагогтердің кәсіби жауапкершілігі, педагогикалық мәдениеті, қызметтік этикасы, сөйлеу мәдениеті, ата-аналармен қарым-қатынас жасауы және ұжымдағы өзара сыйластық мәселелері қарастырылды.

Атқарылған жұмыстар:

1. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №1 отырысы

2023 жылдың қыркүйек айында өткен кеңес отырысында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары талқыланып, бекітілді. Отырыста педагогтің кәсіби жауапкершілігі, педагогикалық мәдениеті, білім беру ұйымындағы әдеп нормаларын сақтау талаптары қарастырылды. Педагогтерге қызметтік әдепті сақтау, балалармен қарым-қатынаста мейірімділік таныту, ата-аналармен және әріптестермен мәдениетті байланыс орнату туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №2 отырысы

2023 жылдың қараша айында педагогтің сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас әдебі, педагогикалық такт және ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас мәселелері қарастырылды. Кеңес барысында педагогтің кәсіби бейнесі, өзін-өзі ұстауы, сөз мәдениеті және ата-аналармен тиімді байланыс орнату жолдары талқыланды. Педагогтердің балалармен жұмыс барысында сабырлылық танытуы, әр баланың жеке тұлғасын құрметтеуі және кәсіби этика талаптарын сақтауы қажеттілігі айтылды.

3. «Педагог мәдениеті – кәсіби табыстың кепілі» атты пікір алмасу алаңы

2024 жылдың қаңтар айында педагогтер арасында пікір алмасу алаңы ұйымдастырылды. Іс-шара барысында педагогтің кәсіби мәдениеті, педагогикалық әдеп құндылықтары, заманауи педагог бейнесі және кәсіби даму мәселелері талқыланды. Педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп,

балалармен қарым-қатынас жасау, ата-аналармен байланыс орнату және ұжымдық мәдениетті дамыту бойынша ұсыныстарын білдірді.

4. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №3 отырысы

2024 жылдың наурыз айында педагогтің кәсіби беделі, қоғамдық ортадағы мінез-құлық мәдениеті және педагогикалық әдеп талаптарын жетілдіру мәселелері қарастырылды. Кеңес барысында педагогтің қоғамдағы орны, кәсіби имиджі, сыртқы келбеті, сөйлеу мәдениеті және мәдени мінез-құлық үлгісі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар балабақшадағы әдеп талаптарын сақтау, ұжымдағы жағымды қарым-қатынасты нығайту бағыттары талқыланды.

5. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №4 қорытынды отырысы

2024 жылдың мамыр айында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жылдық жұмысына қорытынды жасалды. Жыл бойы жүргізілген жұмыстар талданып, педагогтердің кәсіби мәдениеті мен әдеп талаптарын сақтау деңгейі қарастырылды. Педагогтердің балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынаста әдеп нормаларын сақтағаны, ұжымда өзара түсіністік пен қолдау қалыптасқаны атап өтілді.

Қорытынды:

2023–2024 оқу жылында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес өз жұмысын жоспарлы түрде жүргізді. Жыл көлемінде педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыруға, педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға, ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған жұмыстар атқарылды. Кеңес жұмысының нәтижесінде педагогтердің кәсіби жауапкершілігі артты, ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті жақсарды және ұжымдағы өзара сыйластық қарым-қатынас нығайды. Алдағы оқу жылында педагогтердің кәсіби дамуын жетілдіру, педагогикалық әдеп талаптарын насихаттау, тәжірибе алмасу жұмыстарын жалғастыру және ұжымдық мәдениетті дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасын табады.

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрайымы:



Хатшы:

Күні:



2024 жыл